Мектеп оқушыларының жазғы демалысын қауіпсіз және көңілді өткізу үшін жаз айындағы ең маңызды деген қауіпсіздік шараларын сақтау керектігін Шолпан Жақанова айтты. Аудандық ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Д.Сахмолдин қажетті жадынамаларды таратып, қосымша эвакуациялық есіктердің ашық болуын және өрт сөндіргіштердің іске жарамдылығына баса назар аудару керектігін айтты. Сонымен қатар, жаз айында балаларды Төтенше жағдайлар бөліміне қонаққа әкелуге болатындығын айтты. ҚДСБ жетекші маманы Г.Мұстафина балалардың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін басты назарға қойды.

**Зейнегүл ЖҰМАБЕКОВА.**

# 60 ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНАДЫ

Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ ауылында «Нұрлы Жер» бағдарламасы бойынша 60 пәтерлі жалгерлі тұрғын үйдің құрылысы басталмақ.

Қазіргі уақытта мердігер «Global Contraction» ЖШС-мен келісім шарт жасалуда. Барлық рәсімдер аяқталғаннан соң құрлыс жұмыстары басталады. Жобаның сметалық құны 648.0 млн. теңге, оның ішінде 406.0 млн. теңге республикалық бюджеттен тұрғын үйдің құрылысына бөлінді.

60 пәтерлі үйді салуға және инженерлік-коммуникациялық желілер құрылысының объектілеріне жобалау-сметалық құжаттама дайындалды. Олардың барлығы сараптамадан өтті. Барлық құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың желтоқсан айында аяқталып, 60 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**



# СТРОИТЕЛЬСТВО 60-ТИ КВАРТИРНОГО ДОМА

По программе «Нұрлы Жер» в центре Ескельдинского района, в селе Карабулак запланировано строительство 60-ти квартирного арендного жилого дома. В настоящее время производятся процедуры по заключению договора с ТОО «Global Contraction».

На возведение 60-ти квартирного дома и на объекты инженерно-коммуникационных сетей подготовлена проектно-сметная документация. Все они прошли экспертизу. Сметная стоимость проекта 648.0 млн. тенге, из них 406.0 млн. тенге выделено из республиканского бюджета. Все строительные работы должны завершиться в декабре текущего года и по окончанию 60 семей будут обеспечены жильем.

**Пресс-служба районного акима.**

# ЖЕМҚОРЛЫҚ - ІНДЕТ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Бірақ, бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Ел болып, еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма сегіз жыл болды. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Н. Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы болып табылады.

**А. УСМАНОВА,**
**аудандық соттың жетекші маманы.**

# КЕМЕЛ БІЛІМ МЕН КЕНЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА

**Мақтан тұтар түлегің, мақтанар шәкіртің болса, ұстаз үшін бақыттың да үлкені сол болса керек.**

Ескелді ауданы ұстаздарының қуанышы, мерейі – білімді шәкірттері.

Алматы қаласындағы Орталық Азия университетінің қабырғасында Қазақстан Республикасы Кіші ғылым академиясының 45-ші ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. КҒА жұмыстары 27 секция бойынша өтті, соның ішінде ЖОО мен колледж студенттері, мектеп, гимназия, лицей оқушылары қатысты.

Кіші Ғылым академиясы талай жастың білімін, зерттеушілік, ізденушілік қабілеттерін жаңалық пен шығармашылыққа толтырған әрі оларды ғылым жолына қанаттандырған табысты сара жол болды.

Шараның ашылу салтанатында алғашқы болып университеттің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы М.К.Ахметова сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Конференцияны өткізу шеңберінде оқушылар ғылымның зерттеу бағыттарында өздерінің ғылыми және шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, бұл байқау оқушылар үшін жобалық және зерттеу қызметінің деңгейін одан әрі арттыру мақсатында өзін танытуға, тәжірибе алмасуға берілген тамаша мүмкіндік болды.

Ескелді ауданынан 6 оқушы қатысты.

Комиссияның кәсіби мүшелері біздің оқушыларымыздың жақсы дайындығын, ғылыми жұмыстардың құндылығын атап өтті. Жас дарындар барлық күш-жігерін салып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, жақсы нәтижелер көрсете алды.

Ауданымыздың оқушылары:

«Ши тоқудың әдіс-тәсілдерін меңгеру» тақырыбымен /этномәдениет секциясына/ М.Байысов атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Нұржан Мақпал, жетекшісі М.Д.Ерденовамен қатысып I орынды жеңіп алды.

«Қазақстан Республикасының конституциялық дамуы: тарихы, реформалау кезеңдері» тақырыбымен /құқықтану секциясына/ Сейфуллин атындағы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Қамбархан Нұрасыл, жетекшісі Ж.К.Рысқұловамен қатысып, I орынды иеленді.

«Сталиннен Досқожанова Нұрипаға» тақырыбымен /тарих секциясына/ Жетісу орта мектебінің 8-сынып оқушысы Иманбаева Әнел, жетекшісі А.К.Исабаевамен қатысып, жүлделі II орынды, «Жетісу жеріндегі Дың ескерткіштері» тақырыбымен /өлкетану секциясына/ Жетісу орта мектебінің 8-сынып оқушысы Теңлікқызы Ләззат, жетекшісі А.К.Исабаевамен қатысып, жүлделі II орынды қанжығаларына байлады.

«Ғарыштық технологияларды пайдаланып, Текелі қаласында орналасқан «Екпінді» мәрмәр шығаратын кеніш аймағының жер бедерін зерттеу» тақырыбымен / ғарыштану секциясына/ Г.Титов атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Бегімжанова Ақбота, жетекшісі Г.Е.Нұрбековамен қатысып, II орынды иеленді.

«Қазақ халқының қолөнері, жүн бұйымдарының технологиясы» тақырыбымен /өнертану секциясына/ Жалғызағаш орта мектебінің 10-сынып оқушысы Бейсенғали Меруерт, жетекшісі Ж.Ж.Қилыбаевамен қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Жеңімпаздарымызды жеңістерімен құттықтаймыз!

Жеңіске ұмтылған әр жас ғалымның алар асулары әлі алда деп сенім білдіреміз.

**А. ИСАБАЕВА,**
**Жетісу орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.**

# ҰМЫТЫЛМАС ТАҒДЫРЛАР

**Жалғызағаш ауылдық округінің мектеп кітапханасында 31 мамыр – ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Ұмытылмас тағдырлар» атты тарихи сағат мектеп кітапханашысы Г.Сыдықова, әдіскер С.Зәкірқызы мен жастар ісі жөніндегі нұсқаушысы Д.Орынбасардың ұйымдастыруымен өтті. Шараға жоғары сынып оқушылары қатысты.**



Білім алушыларға саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің маңызын түсіндіріп, тарихтан тағылым алуға, өткенге тағзым етуге тәрбиелеу осы шараның басты мақсаты болатын. Сонымен қатар оқушыларға Қазақстанның лагерьлер өлкесіне айналып, жазықсыз адамдардың жазаланып, азап шеккені жайлы баяндау, қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мәлімет беріп, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу үшін ұйымдастырушылар барын салды.

Шараны кітапханашы Г.Сыдықова жүргізді. Өз сөзінде: «Қазақ тарихындағы қаралы жылдардың бірі 30-шы жылдардағы ашаршылық пен 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін жылдары. Зұлмат жылдардың зардабы мен салдарын жас ұрпақ ұмытпауы керек. 1997 жыл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың




Жарлығымен «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланды. Сол жылдан бастап 31 мамыр – ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып белгіленген болатын. Содан бастап мамырдың 31 жұлдызы Қазақстан үшін ерекше аталынып өтетін қаралы күн», - деді.

Биылғы жылы ашаршылық оқиғаларының болғандығына 84 жыл, саяси қуғын-сүргіннің, жаппы репрессияның болғандығына 79 жыл толып отыр. Біздің елімізде 140 мыңға жуық адам жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшырап, лагерьлерге айдалып, 25 мың адам атылып кетті. Қуғын-сүргін жылдарының алғашқы құрбандары Алаш көсемдері, олардың ішінде қазақтың зиялы қауымының қаймағы болған ақын-жазушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері жазықсыз жазаланған болатын.

Өткізілген шарада біздің ауылымыздан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Қ.Буратаев атамыздың да тарихы туралы айтылды.

**Е. АЛПЫСБАЕВ,**
**Жалғызағаш ауылдық округінің әкімі.**

# БЕЗОПАСНОСТЬ НА ВОДЕ

**Наступила пора летних купаний и лодочных прогулок. Но вот беда и купающиеся и катающиеся на лодках нередко нарушают самые элементарные правила на воде.**

Чтобы избежать несчастного случая, надо знать и соблюдать меры предосторожности на воде.

Для купание лучше выбирать места, где чистая вода, ровное песчаное дно, небольшая глубина, нет сильного течения и водоворотов.

Начинать купание следует в солнечную, без ветренную погоду при температуре воздуха 20-25 градусов, воды 17-19 градусов. Входить в воду надо осторожно, на неглубоком месте остановиться и быстро окунуться с головой. В воде можно находиться 10-15 минут. Ни в коем случае не доводить себя до озноба, это вредно для здоровья. От переохлаждения в воде появляются опасные для жизни судороги, сводит руки и ноги. В таком случае плыть надо на спине. Если растеряться и перестать плыть то можно утонуть.

Часто вода попадает в дыхательные горло и мешает дышать. Чтобы избавится от нее, нужно немедленно остановится, поднять голову как можно выше над водой и сильно откашлятся. Если при этом, стоя в воде, энергично работать руками и ногами (давить на воду сверху вниз), то можно еще выше поднять голову над водой, что поможет плавцу лучше откашлятся.

Попав в сильное течение не надо плыть против него, иначе легко можно выбиться из сил. Лучше плыть по течению, постепенно приближаясь к берегу.

Никогда не следует подплывать к водоворотам – это самая большая опасность на воде. Он затягивает купающегося на глубину и с такой силой, что даже опытные плавцы не всегда в состоянии выплыть.

Попав в водоворот, наберите побольше воздуха в легкие, погрузитесь в воду, и сделав сильный рывок в сторону по течению, всплывайте на поверхность.

Запутавшись в водорослях, не делайте резких движении и рывков, иначе петли растении еще туже затянутся. Лучше лечь на спину и постарается мягкими, спокойными движениями выплыть в ту сторону, откуда приплыли. Если это не поможет, то нужно, подтянув ноги, осторожно освободится от растения руками.

Еще более опасно нырять в местах неизвестной глубины, т.к. можно удариться головой о песок, глину, сломать себе шейные позвонки, потерять сознание и погибнуть.

Не менее опасно прыгать головой в воду с плотов, пристаней и других плавучих сооружении под водой могут быть сваи, рельсы, камни и т.п. Нырять можно лишь там, где имеется для этого достаточная глубина, прозрачная вода, ровное дно.

Опасно купаться в холодную погоду у берегов, усеянных камнями, у глубокого побережья. В сильный прибой при крутом склоне дна волны относят уставшего пловца к линии прибоя, что грозит ему гибелью.

Необходимо помнить, что соблюдение мер предосторожности – главное условие безопасности на воде.

**Д. САЛЬМЕНБАЕВ,**
**старший инжинер ОЧС Ескельдинского района, майор гражданской защиты.**

# ПРОБАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

**Пробация туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI Заңының жалпы ережелері.**

1-бап. Пробация ұғымы, мақсаты және міндеттері:

1. Пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі.

2. Пробацияның мақсаты: 1) күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу; 2) сотталған адамды әлеуметке қосу; 3) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінен босатылған адамды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

3. Көрсетілген мақсатқа сәйкес мыналар пробацияның міндеттері болып табылады: 1) пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету; 2) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың заңмен айқындалған түрлерін орындау; 3) бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталғандарға, шартты түрде сотталғандарға, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға бақылау жасауды жүзеге асыру; 4) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінде жазасын өтеп жүрген сотталған адамды босатуға дайындауға қатысу.

2-бап. ҚР пробация туралы заңнамасы

1.ҚР пробация туралы заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді, ҚР Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерінен, осы Заңнан және ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңның алдында басым болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

3-бап. Пробацияның негізгі қағидаттары:

Пробация: 1) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау; 2) заңдылық; 3) ізгілік; 4) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жариялылық; 5) пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көлемін айқындау және пробациялық бақылауды жүзеге асыру кезінде сараланған және жеке-дара әдіс; 6) пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың құқыққа бағынушылық және қоғамға пайдалы белсенді мінез-құлқын ынталандыру; 7) пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің өзара іс-қимылы қағидаттарына негізделеді.

4-бап. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдар.

Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың құқықтары мен міндеттері:

1. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдар санаттары Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстерімен, сондай-ақ осы Заңмен айқындалады.

2. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың: 1) ана тілінде немесе өздері меңгерген басқа тілде өтініш жасауға, өздерінің құқықтары мен міндеттері, соттың қолданған жазасы, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын орындаудың тәртібі мен шарттары, олардың өзгерістері, сондай-ақ ұсыныстар, арыздар мен шағымдар берудің тәртібі туралы мәліметтерді алуға; 2) пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға; 3) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметке қосу, әлеуметтік бейімдеу және оңалту жөніндегі іс-шараларға қатысуға құқығы бар.

Осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтары бар.

3. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдар: 1) заң мен сот жүктеген міндеттерді орындауға; 2) жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын өтеу тәртібі мен шарттарын орындауға және сақтауға; 3) пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің заңды талаптарын орындауға; 4) пробацияны жүзеге асыратын субъектілерге анық мәліметтер ұсынуға міндетті.

Осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың заңда көзделген басқа да міндеттері бар.

5-бап. Пробацияны жүзеге асыру нысандары

1. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға пробациялық бақылау және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысандарында пробация жүзеге асырылады.

2. Пробациялық бақылау пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың өздеріне заң мен сот жүктеген міндеттерді орындауына бақылауды жүзеге асыру бойынша пробация қызметінің және полицияның жұмысын білдіреді.

3. Әлеуметтік-құқықтық көмек – пробацияны жүзеге асыратын субъектілер әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы негізінде іске асыратын, өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосуға, әлеуметтік бейімдеуге және оңалтуға бағытталған шаралар кешені.

6-бап. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосу, әлеуметтік бейімдеу және оңалту шаралары.

1. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосу, әлеуметтік бейімдеу және оңалту: 1) мына мәселелер бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету: медициналық көмек алу, орта білім алу, кәсіпті меңгеру (кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру), жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, психологиялық демеуді қамтамасыз ету, ҚР заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді алу; 2) мыналарды: әлеуметтік-психологиялық және психологиялық консультация беруді, әлеуметтік патронажды, тараптардың өзара келісуі жағдайында отбасылық және өзге де әлеуметтік-жағымды байланыстарды қалпына келтіруге көмектесуді қамтитын әлеуметтік байланыстарды қолдау жүйесін қалпына келтіру және қалыптастыру; 3) мыналарды: келу орнымен қамтамасыз етуді; оңалту іс-шараларын ұйымдастыруды; мәдени іс-шараларға қатысуға тартуды; 4) әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша консультациялар ұсынуды қамтитын әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шараларды пробацияны жүзеге асыратын субъектілер әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы негізінде іске асырады. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы – пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің пробация қызметінің есебінде тұратын адамның жеке басын кешенді зерделеу мен оның нақты өмірлік жағдайы негізінде тұжырымдалған, оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар жиынтығы.

**А. АУБАКИРОВ,**
**Алматы облысы бойынша ҚАЖД Ескелді аудандық пробация қызметі бөлімшесінің аға инспекторы, әділет капитаны.**

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

# ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

## 02 мая 2019 года
## О ВОЗМЕЩЕНИИ УДЕРЖАННОГО ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПОДОХОДНОГО НАЛОГА ИЗ ПЕНСИОННЫХ ВЫПЛАТ С 1 ЯНВАРЯ 2018 ГОДА

**В соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан, пенсионные выплаты из ЕНПФ облагаются индивидуальным подоходным налогом (ИПН).**

До 01.01.2018, если получатель пенсионных выплат являлся:

• инвалидом I, II или III группы;

• участником Великой Отечественной войны и приравненным к нему лицом;

• лицом, награжденным орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны;

• лицом, проработавшим (прослужившим) не менее шести месяцев с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года и не награжденным орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны;

• ребенком-инвалидом,

• одним из родителей, опекунов, попечителей ребенка-инвалида – за каждого такого ребенкаинвалида до достижения им восемнадцатилетнего возраста;

• одним из родителей, опекунов, попечителей лица, признанного инвалидом по причине «инвалид с детства», – за каждое такое лицо в течение его жизни;

• одним из усыновителей (удочерителей) – за каждое такое лицо до достижения усыновленным (удочеренным) ребенком восемнадцатилетнего возраста,

то доход в виде пенсионных выплат из ЕНПФ вышеуказанных лиц согласно положениям Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), в том числе сумма единовременной выплаты на погребение, не облагались ИПН в пределах, установленных Налоговым кодексом.

С 01.01.2018 согласно редакции Налогового кодекса от 25.12.2017г. № 121-VI, к доходу вышеуказанных лиц, а также дополнительной категории лиц: (одним из приемных родителей, принявших детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в приемную семью), к пенсионным выплатам из ЕНПФ и к единовременной выплате на погребение не применялись налоговые вычеты и корректировка дохода, соответственно выплаты из ЕНПФ облагались ИПН по ставке 10 процентов.

ЕНПФ, в целях защиты интересов указанных категорий получателей пенсионных выплат, были инициированы предложения в Налоговый кодекс в части возврата льгот по ИПН. Инициативы были поддержаны государственными органами (КГД МФ, МНЭ, МТСЗН), депутатским корпусом и утверждены в рамках Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития бизнес-среды и регулирования торговой деятельности» от 02.04.2019г. № 241-VI. Действие норм данного Закона распространяется на отношения, возникшие с 01.01.2018 г.

В этой связи, получателям пенсионных выплат, имеющим право на применение корректировки дохода или налогового вычета и право на возмещение удержанного с 01.01.2018 года ИПН, будет произведен перерасчет и возврат удержанного ИПН.

Для возврата удержанного с 01.01.2018 года ИПН необходимо представить в ЕНПФ:

• заявление на применение корректировки дохода или налогового вычета (в т.ч. при единовременной выплате на погребение);

• копии документов, подтверждающих право на применение корректировки дохода или налогового вычета.

Скачать образец заявления на возмещение удержанного ИПН можно на сайте www.enpf.kz.

Право на возмещение удержанного ИПН сохраняется за получателем в течение 5 лет после даты осуществленной пенсионной выплаты, в т.ч. единовременной выплаты на погребение.

Обращаем внимание, что данное право распространяется на вышеуказанных лиц, не воспользовавшихся корректировкой дохода или налоговым вычетом в пределах, установленных налоговым законодательством, по другим видам доходов.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**
**Контакты для СМИ: press@enpf.kz.**

# ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ

Үйде жалғыз қалу! Бұл жаңа жылда көрсетілетін көңілді фильмнің аты емес, бұл – балаларымыздың күнделікті өмірі. Ата-аналары жұмыста, ал балаларға, «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ», өздерімен өздері, нақтырақ айтсақ, үйіміздің төрін алған бұқаралық ақпарат құралдарының қолында. Әрине, қазіргі заманғы телевизия «бала күтуші» рөлін оп-оңай атқарады. «Теледидар-күтуші» баланы экранға жіпсіз-ақ байлайды, бұл жерде былай қарасаңыз, қорқатын ештеңе жоқ сияқты, әр ата-ананың арманы осы емес пе, бала үйде, іші пыспайды, қауіпті ештеңемен айналысып жатқан жоқ – алаңсыз жұмысқа кете беруге болады.

Бірақ, баланың сыртынан есікті құлыптауға, яғни оны теледидармен оңаша қалдыруға асықпайық. Қанеки, жоғарыда ойлағанымыздай, балаларымыз үнемі қауіпсіз жағдайда ма, соның басын ашып алайық...

Мәселені қарапайым сұрақтан бастайық: «Балалар неге теледидарға телміргенді жақсы көреді?»

Психологтардың айтуынша, экрандағы кескін баланың назарын шынайы өмірден аударып әкетеді. Мысалы, кинотеатрға барғанда бала экрандағы оқиғаның ойдан құрастырылғанына толықтай есеп бере алатындай жағдайда болғанымен, үйде ол жаңа ақпаратты өзіне үйреншікті ортада отырып алады. Дәл осы жағдай баланың миын шатастырып, экранда болып жатқан іс-әрекетті шынайы өмір ретінде қабылдауға мәжбүрлейді.

Көптеген телевизиялық арна ақпаратты сүзгіден өткізбейді, көрермендi жіктемейді, яғни қандай да бір хабарды көруге кімге болады, кімге болмайды деген мәселемен айналыспайды. Балаларға арналған хабардан кейін жаңалықтар топтамасы, одан кейін зорлық-зомбылық сахналанған атыс-шабыс фильмдер, артынша көрмесіне қоймайтын жабысқақ, бірақ кейде балаға түсініксіз жарнама болуы мүмкін. Жаңалықтар блогына әрқайсысы алпыс секундқа ғана созылатын жиырмаға дейін сюжет кіруі кәдік. Яғни, кішкентай көрерменнің көргенін, ол сәтте не сезінгенін саралап, түйсініп жататын уақыты жоқ. Ол өзіне түсініктісі, түсініксізі бар ақпараттың астында қалады, олардың әрқайсысын баланың санасына жеткізіп үлгермейтіндіктен, бала оларды қабылдай да алмайды. Осылайша, баланың назарын жинақтаудың жетіспеушілігі пайда болады, ал оның жемісін біз мектепте оқу басталғанда көреміз. Ондай балалар ойын жинақтауға, айналадағы болып жатқанды түсінуге келгенде қиналады.

Баланы басып қалған ақпарат тасқыны түнге қарай баланың әлі бекімеген бейсанасына шөгіп, психикасына зиянын тигізеді. Сондай-ақ, баланың миына керек ақпарат ағынының орнығуына кедергі келтіреді. Керек ақпарат дегеніміз – өмірде қажет болуы мүмкін бүкіл тәжірибе: ата-анаға деген қарым-қатынас, қатарластарымен араласуы, өз жасындағы баланың қарапайым дағдылары.

Сөз жоқ, балаларға өздеріне лайықты телевизиялық арнаны таңдауда сіздердің көмектеріңіз керек екенін түсіну үшін психология профессоры болу міндетті емес. Оның үстіне ондай телеарна бар!

«Балапан» телеарнасы 2010 жылы хабар таратуды бастап, табысты дамып келеді.

Отандық өндіруші еліміздің кішкентай азаматтарының мәдени салт-дәстүрлер мен тарихқа сәйкес дамуына, салауатты ұстанымдарының қалыптасуына мүдделі.

«Балапан» телеарнасы миллиондаған баланың сүйікті арнасына айналды. Арнада кішкентай тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған хабарлар мұқият таңдалады. Солардың көмегімен бала мәдениетпен, тарихпен танысады, туған тілін, туған мәдениетін жақсырақ түсінуге үйренеді, табиғат әлемі мен ғылыми жаңалықтар әлемін ашады. Балаларға арналған хабарлар логика мен қалыптан тыс ойлау жүйесін дамытуға көмектеседі. Телеарнада көптеген зияткерлік, әзіл-сықақ және спорттық хабарлар бар.

Сегіз жыл ішінде телеарна балаларға арналған үш жүзден аса телевизиялық жобаны өмірге әкеліп, әсіресе ғылыми-танымдық бағдарламалар жасауға көп көңіл бөлді. Жас көрермендердің IT технологиялар мен ғылыми тәжірибелер әлеміне бойлауына мүмкіндік зор. Арнадағы көп хабар балаға социумда бой үйретуге көмектесуге, күрделі жағдайларда не істеу керектігін көрсетуге негізделген. Бұл оның қоғамға сәтті бейімделуіне, яғни айналадағы адамдармен түрлі жағдайда еркін қарым-қатынасқа түсуіне жол ашады. Телеарнада балалардың өздері жүргізетін бағдарламалар көп, әрі олар жас көрермендердің ерекше ықыласына ие.

Бүгінгі таңда «Балапан» арнасы «Цифрлық эфирлік телевизия» мемлекеттік жобасы шеңберінде қолжетімді мемлекеттік телеарналар топтамасына енгізілген. Цифрлық хабар таратуға көшкелі бері отбасылық әрі ойын-сауықтық «Балапан» телеарнасы енді үлкен қалалар мен аудан орталықтарында ғана емес, шалғай ауылдарда да қолжетімді.

Бұдан былай жұмысқа аттанарда, үйде балаңыз үшін қауіпсіз ақпараттық кеңістік қамтамасыз етілгеніне сенімді бола аласыз. Ал «Балапан» арнасындағы хабарларды балаңызбен бірлесіп көру – талқылауға болатын жаңа әрі қызықты ортақ тақырыптарды ашары сөзсіз. Өмір гүлі – балаларымыз ақылды. әрі бақытты болып ержетсін.

Өңіріңізде цифрлық хабар таратуға қатысты сұрақтарыңыз болса, «Қазақстан телевизиясын цифрландыру» жобасы туралы https://tsetv.kz сайтынан толығырақ мәлімет алыңыз.

# ВЛИЯНИЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ НА НАШИХ ДЕТЕЙ

Один дома! И это не название веселого фильма, который показывают на новый год, это будни наших детей. Родители на работе, а дети предоставлены сами себе, точнее они предоставлены тем средствам массовой информации, которые мы впустили в наш дом. И, конечно, современное телевидение легко справляется с ролью «няни» для наших чад. Ящик-няня крепко «приклеивает» ребенка к телевизору и, кажется, к чему здесь беспокойства: ребенок дома, ему не скучно, ничего опасного он не сделает – мечта для родителей, иди себе спокойно на работу.

Но, давайте не будем торопиться закрывать дверь, оставляя ребенка один на один с телевизором. Давайте разберемся вместе, всегда ли в безопасности ли наши дети?

Начнем с простого: «Почему дети так любят телевизор»?

Психологи объясняют этот факт тем, что изображение на экране зачастую отвлекает ребенка от реального мира. И если, при походе в кинотеатр, ребенок в полной мере осознает нереальность происходящего на экране, то дома он получает новую информацию в абсолютно привычной для него домашней обстановке. Именно это может запутать мозг малыша, заставляя принимать действие, происходящее на экране, за реальность.

Многие телевизионные каналы не фильтруют информацию, не разделяют аудиторию, кому можно, а кому нельзя смотреть те или иные передачи. За детской передачей может последовать сводка новостей, потом боевик со сценами насилия, следом навязчивая и не всегда понятная детям реклама. В новостной блок может входить до двадцати сюжетов, каждый длиной в шестьдесят секунд, так что у маленького зрителя нет времени на осознание событий и выражения эмоций по поводу увиденного. На него обрушивается понятная и непонятная информация и, не успев осмыслить ее, ребенок не может и воспринять. Именно так и возникает дефицит концентрации внимания у детей, плоды которого мы пожинаем, когда начинается учеба в школе. Такие дети с трудом могут сосредоточиться и понять происходящее.

Вся обрушенная информация, под конец дня оседает в еще неокрепшем подсознании ребенка, нанося вред его психики. А так же, мешает потоку нужной информации осесть в голове ребенка. Под нужной информацией подразумевает всевозможные жизненные знания: отношение к родителям, общение со сверстниками, простые умения ребенка его возраста.

Безусловно, не нужно быть профессором психологии, что бы понять, что детям нужна ваша помощь в выборе подходящего телевизионного канала. И такой телеканал есть!

Телеканал «Балапан» начал свое вещание и успешно развивается с 2010 года.

Отечественный производитель заинтересован в развитии маленьких граждан нашей страны, в формировании здоровых принципов в соответствии с культурными традициями и историей.

Телеканал «Балапан» стал любимым для миллионов детей. Здесь тщательно подбираются передачи, направленные на всестороннее развитие маленькой личности. С их помощью ребенок знакомится с культурой и историей, учится лучше понимать родной язык, и родную культуру, открывает мир природы и научных изобретений. Детские передачи помогают развить логику и нестандартное мышление. На телеканале много интеллектуальных, юмористических и спортивных передач.

За восемь лет работы телеканал выпустил более трехсот телевизионных проектов для детей, уделяя повышенное внимание созданию научно-познавательных программ. Юные телезрители могут окунуться в мир IT технологий и научных опытов. Многие передачи на канале созданы для того, чтобы помочь ребенку освоиться в социуме, показать как нужно вести себя в сложных ситуациях, что способствует успешной социализации ребенка в обществе. Еще на телеканале много программ, которые ведут сами дети, что делает их особенно привлекательными для юных зрителей.

Сегодня в рамках Государственного проекта «Цифровое эфирное телевидение» «Балапан» включен в пакет доступных государственных телеканалов. Так с переходом на цифровое вещание семейный-развлекательный телеканал «Балапан» доступен не только в больших городах и районных центрах, но и в отдаленных аулах.

Теперь, отправляясь на работу, вы можете быть уверенны, что дома безопасное информационное пространство для вашего ребенка. А совместный просмотр передач на телеканале «Балапан» даст вам множество новых и интересных тем для обсуждения с детьми. И пусть наши дети растут умными и счастливыми.

Если у вас есть вопросы о переходе на цифровое вещание в вашем регионе, читайте больше о проекте «Цифровизация телевидения Казахстана» на сайте: https://tsetv.kz.

# ПРОФИЛАКТИКА ТАБАКОКУРЕНИЯ

**Курение – значимый фактор риска в развитии хронических болезней органов дыхания, атеросклероза, хронической ишемической болезни сердца, гипертонической болезни, новообразований различной локализации (лейкемии, рака легких, желудка, мочевого пузыря, молочной железы, шейки матки, пищевода, толстой кишки, полости рта, поджелудочной железы).**

Процесс курения – сухая перегонка табака. При температуре 1100 °С на конце сигареты во время затяжки и 300°С в перерывах между затяжками образуется более 3400 веществ, среди которых безусловный яд – никотин, углерода оксид, аммиак, табачный деготь (в состав которого входит канцерогенное вещество бензпирен), полоний-210 (210Ро, радиоактивное вещество), свинец, мышьяк, синильная, уксусная и муравьиная кислоты, сероводород, формальдегид. Практически каждое из перечисленных веществ само по себе опасно для человеческого организма, в комплексе же табачный дым представляет собой поистине смертоносную смесь. Существует прямая пропорциональная зависимость между количеством выкуренных сигарет и смертью по этой причине: увеличение числа выкуренных в день сигарет с 5 до 50 увеличивает в 40 раз вероятность смерти из-за курения!

Известны следующие виды негативного действия никотина на человеческий организм:

1. Центральная нервная система: скорость психических процессов первоначально незначительно увеличивается, но этот эффект кратковременный, сужение кровеносных сосудов приводит к ухудшению условий для высшей нервной деятельности, снижается работоспособность, появляются раздражительность, головные боли, бессонница, ухудшается способность усваивать новую информацию (особенно в подростковом возрасте).

2. Дыхательная система: развивается хронический бронхит курильщика, сопровождаемый стойким приступообразным кашлем; при поражении мелких воздухоносных путей и патологических изменениях в легочной ткани формируется хроническая обструктивная болезнь легких (ХОБЛ), которая приводит к дыхательной недостаточности.

3. Сердечно-сосудистая система: наблюдаются усиленная секреция адреналина, спазм артериальных сосудов, повышение артериального давления, увеличение частоты сердечных сокращений, повышается потребность сердца в кислороде; резко возрастает риск развития ишемической болезни сердца, инфаркта миокарда, инсульта.

4. Пищеварительная система: увеличение отделения желудочного сока и слюны, усиление перистальтики желудка и кишечника; появляются предпосылки возникновения язв слизистой оболочки желудка (высокая кислотность, ухудшение кровоснабжения за счет спазма сосудов).

5. Репродуктивная функция: содержащиеся в табачном дыме полициклические ароматические углеводороды запускают процесс гибели яйцеклеток (курение молодой женщины сопоставимо с удалением одного яичника); табачная зависимость у женщин приводит к бесплодию, выкидышам, патологии развития плода; у детей курящих матерей выявляется задержка развития легких, повышается риск развития сахарного диабета, часто возникают проблемы в обучении; табачная зависимость у мужчин изменяет морфологию и подвижность сперматозоидов, а также влияет на секрецию андрогенов (бесплодие, импотенция).

6. Канцерогенное действие: обусловлено хроническим раздражением дыхательных путей продуктами табачной смолы, а также нарушением деления клеток таким веществом, как бензпирен (в среднем на одного некурящего, умершего от рака легких или гортани, приходится 11 курящих).

7. Состояние кожи: двух лет регулярного курения вполне достаточно для «табачной» трансформации – видимого изменения кожных покровов;

Отказ от курения – эффективная мера профилактики вышеперечисленных заболеваний. Для успешного избавления от табачной зависимости нужна сильная мотивация. Большинство желающих бросить курить сталкиваются с неудачей при очередной попытке. Основные причины – слабая мотивация и отсутствие медицинской помощи при попытке отказа от табакокурения.

Стандартный комплекс мероприятий, направленных на избавление от табачной зависимости, включает:

– медикаментозную терапию (никотинозаместительную);

– психотерапевтические методы;

– физиотерапевтические методы.

Сформировать положительную мотивацию и убедить курильщика одно-моментно отказаться от курения можно в процессе сотрудничества с ним.

**Г. КАЛИЯКБЕРОВА,**
**ГКП на ПХВ**
**«Ескельдинская ЦРБ»,**
**педагог-валеолог**
**кабинета ЗОЖ.**

# ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА




Өткен аптаның соңында Алматы облысының ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Жетісу» телеарнасының 20 жылдығына орай өңірлік БАҚ өкілдерінің арасында спартакиада ойындары өтті. Жарыс облыстық деңгейде өткендіктен, оған БАҚ өкілдерімен қоса баспасөз хатшылары да қатысты.

Спорттық сайыс бағдарламасына сәйкес журналистер қауымы воллейбол, үстел теннисі және шахматтан өзара мықтыны анықтады. Қағаз бен қаламын, компьютер алдындағы жұмысын бір күнге ысырған тілшілер бір сәтке болса да өздерін спортшы сезінгені рас. Ал бәсеке болса тартысты, өте қызықты өтті. Біздің аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің ұжымы белсенділігі үшін алғыс хатпен марапатталып, тілшіміз З.Жұмабекова үстел теннисінен жүлделі III орынды иеленді.

Жарыс соңында БАҚ өкілдерінің ынтымағын арттырып, саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спорттық шараның жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды. Оларға арнайы дипломдармен медальдар және ақшалай сертификаттар табысталды. Ал барлық жарысқа қатысушыларға «Жетісу» телеарнасының 20 жылдық мерейтойына арналған естелік сыйлықтар үлестіріліп берілді.

**З. БЕЙБІТҚЫЗЫ.**

# «ӘКЕМ, ШЕШЕМ ЖӘНЕ МЕН» ОТБАСЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ



Жақында денешынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Қарабұлақ ауылының Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының спорт залында «Әкем, шешем және мен» атты аудандық жарыс өткізілді. Жарысқа 4 команда қатысып, I орынды О.Кошевой атындағы орта мектебінен Еркін Бекзат отбасы, II орынды Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының Өмірғожиновтар отбасы, III орынды Коңыр орта мектебінен Мерей отбасы жеңіп алды. Орын алған командалар Ескелді аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің кубок, медаль, грамота және сыйлықтарымен марапатталды.

**А. ҚЫРҒЫЗБАЕВА,**
**Ескелді ауданы денешынықтыру және спорт бөлім басшысының м.а.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

Ескелді ауданы бойынша 2017-2019 жылдар аралығында жер ревизия жұмыстарын жүргізуіне байланысты Сырымбет ауылдық округі бойынша иесіз бос жатқан жер телімдерін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекетті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 1 тармағы 6 тармақшасына, 35 бабының 1-3 тармағы 13 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 242 бабының 1 тармағына сәйкес төменде көрсетілген жер телімдері иесіз болып табылады. Аталған жер телімдерінің меншік құқығы жеке және заңды тұлғалар болған жағдайда Сырымбет ауылы, Ескелді би көшесі, № 60 «а» мекенжайында орналасқан Сырымбет ауылдық округі әкімдігіне немесе 8(72836)26-1-61, 26-1-16 телефондарға хабарласыңыздар.

| № | Мекенжай |
|---|---|
| 1. | Төле би, №31 |
| 2. | Төле би, №69 |
| 3. | Төле би, № 71 |
| 4. | Ескелді би, №14 |
| 5. | Ескелді би, №15 |
| 6. | Ескелді би, №17 |
| 7. | Ескелді би, №96 |
| 8. | Ескелді би, №104 |
| 9. | Ескелді би, №112 |
| 10. | Балпық би, №100 |
| 11. | Балпық би, №114/1 |
| 12. | Балпық би, №114/2 |
| 13. | Балпық би, №118/1 |
| 14. | Балпық би, №118/2 |
| 15. | Балпық би, №137/1 |
| 16. | Балпық би, №139/1 |
| 17. | Балпық би, №139/2 |
| 18. | Балпық би, №141/1 |
| 19. | Балпық би, №141/2 |
| 20. | Балпық би, №143/1 |
| 21. | Балпық би, №143/2 |
| 22. | Сарнокай, №5 |
| 23. | Сарнокай, №32/2 |
| 24. | Сарнокай, №34/1 |
| 25. | Сарнокай, №34/2 |
| 26. | Сарнокай, №21 |
| 27. | Сарнокай, №38/1 |
| 28. | Сарнокай, №38/2 |
| 29. | Сарнокай, №25 |
| 30. | Сарнокай, №29 |
| 31. | Достық, №5 |
| 32. | Тәуелсіздік, №2 |
| **Барлығы: 32** | |

# ПОВЕДЕНИЕ ПРИ ПОЖАРЕ

**ИЗ СТАТИСТИКИ:** СВЫШЕ 80% ПОЖАРОВ ВОЗНИКАЕТ В ЖИЛЫХ ДОМАХ.

**ПРИ ОБНАРУЖЕНИИ ПОЖАРА:**

Вызвать пожарных по телефону **«101»** или любую службу экстренного реагирования **«112», «102», «103».**

Применить первичные средства пожаротушения, предварительно отключив электричество и газ, потушить огонь огнетушителем, залить водой.

**КАК ИЗБЕЖАТЬ ОТРАВЛЕНИЯ ДЫМОМ:** Если проснулись от шума пожара, дыма не садитесь на кровать, а скатывайтесь с нее прямо на пол. До двери добирайтесь ползком, предварительно закрыв рот полотенцем тряпкой, простыней или подушкой. Если пожар за дверью, закупорьте щели в двери, нельзя открывать форточку чтобы избавиться от дыма, сквозняк только усилит пожар.

**ВОЗМОЖНЫЕ ПУТИ СПАСЕНИЯ:**

Выйти на балкон, плотно закрыть за собой дверь и звать на помощь.

Если нет возможности покинуть помещение можно закрыться в ванной комнате. Завязать органы дыхания мокрой водой и начинайте поливать дверь водой и ждать прибытия пожарных. Ложитесь в ванну с водой, но только прохладной, это спасает ваш организм от перегрева.

**Р. ТАЗАБЕКОВ,**
**главный специалист ОЧС Ескельдинского района, майор гражданской защиты.**

# ҰСТАЗДАРЫМ

**Мәтіні: Жұман ТҰРДИЕВТІКІ.**



Білімнің жүрегі едің жалын берген,
Біз үшін ұстаз едің жанын берген.
Ұстазым сені қалай ұмытайын,
Өзіңнен қалам ұстап әріп тергем.
Ұстазым, біз өзіңді сағынамыз,
Бас иіп, қасиетіңе шабынамыз.
Сіңірген еңбегіңді ақтасақ деп,
Тағдырға сыйынамыз, жалынамыз.

**Қайырмасы:**
Соққан біз деп жүрегің,
Бізге бақыт тіледің.
Еңбек еттің біз үшін,
Орындалар тілегің.

Қош бол деп, қалай айтам ұстаз сізге,
Сіңірген еңбегің бар өзің бізге.
Қимаймыз өздеріңді ұстаздарым,
Тілейміз ұзақ өмір біздер сізге.
Ұстазын кім бар екен сағынбайтын,
Әнім бар өздеріңе арнайтын.
Ұстазым өзің едің жанашырым,
Өзімде сағыныш бар жалындайтын.

**Қайырмасы:**

**(Оқу бітірген жастарға арналады).**
**2019 жыл.**

## ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Алматы облысы әкімінің қолдауымен «Құқық қорғау қызметтер орталығы» жұмыс жасап келеді. Орталық азаматтарға заңгерлік қызметтер көмегін көрсетеді және бір терезе принципі бойынша жұмыс істейді. Заң көмегін сұрап келген азаматтарға прокурорлар, қорғаушылар, медиаторлар, жеке сот орындаушылар, Әділет департаменті, пробация, полиция және ХҚКО қызметкерлері кеңес береді.

Орталыққа азаматтар өтініш немесе шағым бере алады, білікті заңгерлік кеңес ала алады. Бұрын берілген өтініштерді қарау барысымен танысады, құқық қорғау органдарының бірінші басшыларының қабылдауына жазыла алады немесе оларға бейнежазбамен жазыла алады.

«Құқық қорғау қызметтері орталығының» ең басты мақсаты - азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы кедергілерді жою.

Мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі,113; тел.: 41-32-80.

## ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

В Алматинской области при поддержке акимата открыт «Центр правоохранительных услуг». Центр оказывает юридические услуги и работает по принципу одного окна, граждан консультирует квалифицированные прокуроры, адвокаты, медиаторы, частные судебные исполнители, работники юстиции, службы пробации, сотрудники полиции, представители ЦОНа. В центре граждане могут подать обращение или жалобу, получить квалифицированную юридическую консультацию, узнать о ходе рассмотрения ранее поданного обращения, записаться на прием к первым руководителям правоохранительных органов или же записать к ним видеообращение.

Главная цель «Центра правоохранительных услуг» - устранение барьеров между гражданами и государственными органами.

Адрес: г.Талдыкорган, ул.Абылайхана, 113; тел.: 41-32-80.

**ОТКРЫЛОСЬ** наследство на имя Сарсенбаева Темирсултана Туребековича умершего 23.12.2018 г., наследников просим обратиться к нотариусу по телефону 8(72836)30099, с. Карабулак.

**ПРОДАЮТСЯ** самоходная сенокосилка «Германка» в хорошем состоянии; кирпичи, пескоблоки, декоративные заборные 1 шт - 145 тенге. 87057254758, 87014419210.

**ЖЕТІСУ** орта мектебін 2003 жылы бітіргені туралы Нусипбаев Арман Бакитовичтің атына берілген № 0983186 аттестатының жоғалуына байланысты, **жарамсыз деп танылсын.**

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное всидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 4000
Тираж 4000
Тапсырыс 586
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка К. Алимхановой.